

Атамекен

ОТЫРАР
КІТАПХАНАСЫ



Шарғын
Әлғазыұлы

**Шарғын
Әлғазыұлы**

АТАМЕКЕН

ББК 84 қаз7-5
Ә49

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және
спорт министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылды

Шарғын Әлғазыұлы.
Ә49 **Атамекен.** Алматы, “Өлке”, 2005 ж. — 128 бет.

ISBN 9965-742-06-5

*Тағдыры қиын-қыспақта өткен ақын Шарғын
Әлғазыұлының бұл жинағына енген өлеңдерінен қызыл
Қытай мен қызыл Қазақстан коммунистерінің,
саясаткерлерінің қырына алынып, бодандықтың шын
азабын басынан өткізген жазықсыз жанның шырқыраған
жан айқайы, тартқан мұң-зары мен қайғы-қасіретінен
күйзелген ащы даусы естіледі. Сонымен қоса туған жерін,
елін анасындай қастерлейтіндігі айқын көрінеді. Ақынның
творчествосында адал еңбекті сүю, адамгершілікті,
қайырымдылықты дәріптеп, сыйластықты, достықты
қадірлеу өзіндік ой, қысқа тұжырымдармен үн тапқан.*

ББК 84 қаз7-5

Ә $\frac{4702250202}{00(05)-05}$

ISBN 9965-742-06-5

© Шарғын Әлғазыұлы, 2005 ж.
© “Өлке” баспасы, 2005 ж.

ТАҒДЫРЫ ЖАЛҒЫҒА ЖОЛЫ ЖАРЛАҒ

Жалпы қазақ тарихында тағдыр тауқыметімен әрі қашып, бері босып жүргендіктен, сондай-ақ тәуелді екі империяның қырын қарауынан көрсетілмей келген көлемді төңкерістер, айтылмай келген ақиқаттар, бағаланбай қалып қойған ұлы тұлғалар аз емес.

Солардың бірі – Шығыс Түркістан әдебиетінің негізін салушы, ондағы қазақ поэзиясының көшбасшыларының бірі, ұлт-азаттық идеясының ту ұстаушысы – Шарғын Әлғазыұлы.

Бостандық көксеген халықтың 1916 жылғы көтерілісі отарлаушылар тарапынан қанға батырылып, аяусыз жанышталды. Ал 1917-1920 жылғы аласапыран қазақты шілдей тоздырды, қастандық қырғынының, озбыр отарлаудың заңды жалғасы ретінде өріс алды. Бейбіт елдің берекесін кетірді. Ақ та, қызыл да шапты. Елдің құты қашып сансырады. Осылайша өсіп-өнген жерінен, атамекенінен айырылды. Талайлары отанынан қудаланып, қызылтабан босқынға айналды. Содан кейінгі 1928-1932 жылдардағы “жаппай коллективтендіру”, зорлап колхоздастырудың, ашаршылықтың қасіреті халықты тағы да қайыршылыққа, үркінге душар етті. Міне, осылайша елдің шаңырағының шайқалғанын, айтуға тіл жеткісіз күйзелісті күндердің бәрін көзімен көріп, басынан өткерген Шарғын ақын Әлғазыұлы ел тағдырын, ұлт азаттығын жырының қайнары, күресінің мұраты ете білді.

Айырылған мал мен бастан бір-ақ жылда,

Опасыз мынау қандай жалған еді?!

Немесе:

Адасқан қаздай болып шықтым жалғыз,

Кім болар маған сүйеу паналарым?! –

деген сөздер бостандықтың шын азабын тартқан адамның шырқыраған жан дауысы емес пе бұл?! Қарап отырсақ 30-шы жылдардың зар толғауын, қасірет күйін қазақта Шарғындай мол да әсерлі, жанды жырлаған ақын кемде-кем.

Туған жерін қазақ халқы анасындай аялайды. Қазақ үшін жарық дүниеде одан қастерлі ештеңе жоқ. Әр бұтасы, әр тасы, әр бұлағы ыстық. Соның бәрі қасиетті. Ән өзегі де, жыр арқауы да сол – туған жері, отаны.

Бас ием мені өсірген баба тауға,

Анамдай ақ оранған Алатауға.

*Айналдым қасиетіңнен елім, жұртым,
Шайқаған балапандай алақанда.
Сынтасым, Бөлекжота, Шоқпартасым,
Түскендей болып тұрмын отқа басым.
Аңсармын, сағынармын, сарғаярмын,
Сел болып екі көзден аққан жасым.
Туған жер сендей маған мекен қайда,
Қай жерде қалар екен гәріп басым, — деген жолдар жоғарыда*
айтылған сөздің дәлелі болмақ.

Бүгінде, еуроцентристік пиғылға бой алдырған әлдекімдер қазақтың көші-қонына өзгеше реңк беруге тырысып бағуда. Яғни, “көшпенді” дегенді басы ауған жаққа көше беретін тобыр ретінде қарап, оның халық ретіндегі қоғамдық-әлеуметтік тірлігіне, сана-сезіміне, мақсат-мұратына мән бергісі келмейді. Іс жүзінде қазақ көшінің ауқымы тұрақты қыстау, көктеу, жайлау, күзеу шеңберінен шықпаған. Ол аумақтардан тек ерекше жағдайларда ғана (мәселен, жаугершілік, жаппай қатерлі жұқпалы ауру таралу, аштық т.б.) қоныс аударуға мәжбүр болады. Соның өзінде, туған жерің, өскен ауылын жырға қосып, жылай-жылай кететін. Сондықтан қай кезең болмасын, бодандыққа душар болған қазақ жұрты атамекен туралы мұң-зарын сол ауыр жылдардың тас ескерткішіндей ән-жырмен сомдап кетіп отырған. Сол тақілетті 16-шы және 30-шы жылдары душар болған елдің зары да осыны дәлелдейді. Әсіресе, Шарғын ақын трагедияға толы жағдаяттардың куәгері ретінде сол тұстағы мұң-зарды ерекше әсерлі, аянышты етіп жырлайды.

*Қосдолана, Арпалым,
Шынымен сенен кеттім бе?!
Жас жанымға жара сап,
Жанымға азап жеттің бе?!
Обалы бар деуші еді,
Көктей жүлген шөптің де.
Ата жауым “жоғал” — деп,
Көкірекке тептің бе?!*

Міне, туған жерге, атамекенге деген қазақтың махаббаты, қимас сезімі! Босқан ел жүрегін жаралаған өксік, еріксіз айырылған тау мен далаға арналған зар толғау! Елінің зарына ұласқан азамат ақынның жан сыры. Осындай жан сырдың бірі:

*Ел тозып, үзілмесе шын үміті,
Бұл жаққа жосып халық неге өтеді?
Анадан бала айырылып екі жақта,*

Көл қылып көздің жасын сел етеді... – деген сөздер болса керек.

30-жылдар!.. Мұң-қайғы, қасірет-нала күннен күнге үдей түседі. Ашаршылық аждаһа боп аранын ашып, ажал-тажал қаумалаған халық не істерін білмей дағдарады. Дағдарған жұрттың алды қырыла бастайды... Сонымен шекараға жақын отырған халық жан сақтау үшін Қытайдағы қандастарын паналап, ауа көшуіне мәжбүр болады. Саналы да сауатты, жігерлі де намысты ақын сол тарихи кезеңнің қасіретін дөп басып көрсетеді. Сондықтан да Шарғын өлеңдері оқырманға 30-жылдардағы қасіретті күйзелістің көркем шежіресіндей әсер береді.

Шарғын ақынды 30-жылдың ойранды құйыны Алматы облысынан іліп әкетті де, Шығыс Түркістаннан бір-ақ шығарды... Бұл кезде Шығыс Түркістанның Іле өңірін ежелден мекендеп келе жатқан қазақ-ұйғырлардың өзі де бодандық езгінің қыспағында өлместің күнін көріп отырған-тұғын. Дегенмен онда елім деп еңіреп жүрген ерлер, көкірегі ояу, көзі ашық зиялы адамдар да жоқ емес еді. Ұлт азаттығын, ел қамын ойлай бастаған Шарғын ақын Ілеге арнайы өзі іздеп барып белгілі қоғам қайраткері Дәулеткелді, Таңжарық секілді саналы да ұлтжанды азаматтармен танысады. Өзіне осындай мұраттас, ұрандас достардың табылуы оның арманына қанат бітіріп, жігерін қайрап, ой-санасын серпілте түседі. Сөйтіп Шарғын да Дәулеткелді мен Таңжарықтың, тағы басқа да саналы, сауатты ел азаматтарының саяси сауатын ашуға, олардың жүрегіне ұлт-азаттық идеясын егуге кіріседі. Осылайша ондағы тұлғалармен қоян-қолтық араласып, саяси-әлеуметтік аренаға көтерілген Шарғын ақын оқу-ағарту, халыққа білім беру істерін ұйымдастыруға белсене ат салысады. Шығыс Түркістан жерінен өзі мекен тұтып, тұрақтап тұрған Үйсін тауының бөктеріндегі қазақ ауылдары арасынан алғаш мектептер ашып, бала жинап оқыту шараларын жүзеге асырады.

Ұлт азаттығы – XX ғасыр басындағы Шығыс Түркістандағы көзі ашық, көңілі ояу бар қазақтың арманы еді. Алайда оған жету үшін халықтың сауатын ашу кезек күттірмейтін, өте өзекті міндет екенін ел ардақтылары жақсы білетін. Сондықтан оқу-ағарту ісін Үрімші мен Құлжадағы зиялы қауым әсіресе 30- жылдардан кейін жаппай қолға алды. Осы қозғалысты ұйымдастыру шараларына қарқын беру үшін барлық аймақтарда ағарту ұйымдары құрылды да, олардың бөлімшелері аудандық жерлерде қанат жайды. Бұл игі науқанға Шарғын Әлғазыұлы, мектеп ашып, бала оқытудан тыс, өзінің жыр жасампаздығымен де барынша ат салысты.

Қоғамдық-әлеуметтік жұмыстарға араласа жүріп ақын өзінің әдеби ісін де ақсатпады. Қайта, сырлас, қаламдас досы Таңжарықпен тізе қоса жүріп, ондағы қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына ерекше үлес қосты. Ескерте кетейік, ақынның бұл тұстағы шығармалары сол дәуірдің саяси-әлеуметтік талабына сай, қазақ халқының оянып, өнер-білімге құлаш ұруына, елдік береке-бірлігінің нығаюына, ұлт-азаттығына қол жеткізуге бағышталды. Бұл бала кезінен өзі үлгі, өнеге алған, ұстаз тұтқан Абай Құнанбаев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды алаш арыстары салған ақ жолдың, қасиетті мұраттың сарынды ізі, заңды жалғасы еді. Жас Шарғын туған халқының болашағы, тағдыры үшін толғақты ой кешіп, күре тамыры әріде жатқан азаттық рухын өлеңмен саналарға құя білді. Сөйтіп, Шығыс Түркістан қазақтары тарихында демократиялық бағыттағы, азат әдеби ойдың өрістеуіне, орнығуына белсене атсалысты. Әрине бүгінгі көзге, тіпті өзімен замандас осындағы ақындардың шығармаларымен салыстырғанда оның өлеңдері көркемдік мұкамалы жағынан кем соғып жатуы мүмкін, бірақ біз Шарғын ақынға тағдырдың жүктеген бөлек, әрі маңызды миссиясын көре, бағалай білуге тиіспіз. Ол – азат ел құру, соның басы-қасында болу-тын. Ол үшін көркемдік қуып, сөз ойнатудан гөрі отарлық езгіні ашып көрсету, азаттыққа ашық үндеу керек болатын. Сондықтан да халық Шарғын, Таңжарық секілді ақындарды құтқарушыдай қабылдап, жырларынан нәр, ойларынан қуат алып отырды. Себебі ақын өлеңдерінде, тек саяси лирика ғана емес, халықтық, елдік сипат та, кісілік қасиеттер де молынан сөз болатын.

Қытай отаршылдарының кесірінен, Шығыс Түркістандағы қазақ қоғамын надандықтың соқыр тұманы тұмшалап, жұрт дінінен де, ділінен айырылы бара жатқан болатын. Сол тұста Шарғын ақынның жанайқайына толы жырлары алға басарлық қадам, мықты бағдаршам болғанын аңғару қиын емес.

Алайда 40-жылдардың бас кезінде Шығыс Түркістандағы демократиялық ой мен ұлт-азаттыққа талпынған әекеттерге алып тосқауыл қойылды. Гоминдань Үкіметінің жергілікті баскесер билеушілері кісілік құқықты аяққа таптаудың, адам санасын бұғалықтаудың сан түрлі шараларын ойлап тауып, оны айуандықпен жүзеге асырып отырды. Бұл ретте ең әуелі ұлттың көзі ашық, жанкүйер зиялы қауымын абақтыға жауып, сан алуан жаламен жаппай қырып-жоя бастады. “Бұрынғы күнім күн екен, мынауың кара түн екен” дегендей, бұрынғы бұрынғы ма, ел басына қасіреттің

қара тұманы төніп, әрбір отбасы емес, әрбір жан иесі өмір мен өлімнің қыл көпірінде қалды. Бұл алапат зұлымдық Шарғын, Таңжарық секілді халық қамқорларын, ұлт-азаттық идеясының насихатшыларын алдымен іліп әкетері екі бастан белгілі жағдай еді. Сонымен Таңжарық Үрімжі түрмесіне, Шарғын Құлжа түрмесіне жабылып кете барды. Алайда олар сол абақтыда жатып та, “түрмедегі халді”, сырттағы ел қасіретін жыр арқауы етті.

Қытайдың қалдық міне, қамауында,

Тұрады екі сақшы қарауылда.

Бізді енді босататын емес сірә,

Қалған соң бір ілініп қармағына.

... ..

Бір қанша азаматтар атылыпты,

Қарасам сырттан алған хабарыма.

Бір жылдың жүзі болып бара жатыр,

Есептеп күн мен айды санауымда.

Түнімен ұйқы көрмей зар иеймін,

Сүмбемен сабағанда табаныма.

Бұлардың түрі жаман көрінеді,

Бос кетпес іліккендер қаламына.

— деген жолдардан, сол тұстағы Шығыс Түркістанды билеп тұрған Шың-Шицай диктатурасының қанды қырғыны айқын сезіледі. Кеңес Одағымен достасқан боп, Сталинмен астасқан ол 37-ші жылғы “қызыл террорды” 40-шы жылдары айна-қатесіз Шығыс Түркістанда қайталады. Яғни, сталиндік тәсілмен қандықол Шың-Шицай да саналы, сауатты, ұлтжанды зиялы қауым өкілдерін “халық жауы”, “жапон тыңшысы”, “троцкийшіл”... деген жаламен тұтқындап, сотсыз-сұрақсыз қыра берді. Қанішерлердің “қара құзғын” машинасы түнделетіп келіп “қалаған” адамын салып әкете беретін... Халықтың сұрауымен, ел ағаларының араласуымен түрмеден аман шыққан Шарғын ақынның екі елі аузына төрт елі қақпақ қойылып, бақылау астында күн өткізді. Тек, 1944 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің алғашқы жеңісінен кейін ғана ақын қайта түлеп, орнынан тұрды. Бойына тың шабыт құйылып, жігері тасыды. Аудан, аймақтың оқу-ағарту ісін басқара жүріп, ұлт азаттығына деген халық арманын жырға қосты, отарлық езгіге, жауыздық пен зұлымдыққа қарсы ашу-ызасын өлеңмен ақтарды. Білім саласында табан аудармай ұзақ жыл істеді, Тәңіртауы мен Үйсінтауы баурайындағы қазақтардың бірнеше буынын білімге баулыды, азат ойға, ізгі жолға салып, қанаттандырды. Осы уақыттар ішінде ақын

өзі де өз бетімен білімін жетілдіре түседі, қазақ, орыс, қытай, ұйғыр тілдеріндегі кітаптарды молынан оқып, Батыс-Шығыс әдебиеттерінен сусындайды. Сондықтан да Шарғын ақын сонау алғашқы қадамының өзінде-ақ Шығыс Түркістандағы қазақ әдебиетінің өркен жаюына, қалыптасып, дамуына бір кісідей еңбек сіңіре алады. Ғаламның сыр-сипатын, еркіндік-теңдікті озық ой сергек санамен танып өскен ол саналы ғұмырында халықтың ой-санасын оятып, ұлт азаттығына қол жеткізу жолында құлшына қызмет етті. Сол жолда барлық мүмкіндіктерді пайдаланды. Жаратылыс сыйлаған дарын мен өмірден алған білім-парасаттың арқасында халық көп жиылатын ұлы жиын, дүбірлі басқосуларда айтысқа түсіп, сөзсайыс сылтауымен, халықтың қайғы-қасіретке, езгіге, қырғын-тонауға ұшырау себептерін бейнелі сөз кестесі, ащы шындықтар арқылы халыққа жайып салып отырды. Ұлт азаттығы болмайынша теңдік, бақытты тұрмыс та болмайтындығын ашық айтып алатын.

Міне, аңсаған таң да атты. Іле, Тарбағатай, Алтай қазақтарының қарулы көтерілісі, 1945 жылы Тәңіртауының солтүстігін қытай отаршыларынан азат етіп, Құлжа қаласын орталық етіп, Шығыс Түркістан республикасын құрды. Бұл кездегі халықтың қуанышында шек болған жоқ. Ал ақындар болса осы жеңісті ашылып-шашылып, естен тана жырлады, халықты тағы да жалғасты күрес жасауға, жеңісті түбегейлі орнықтыруға, азаттықты бекемдей түсуге үндеді. Өйткені бұл азаттықты, теңдікті, тәуелсіздікті көксеген Шығыс Түркістан халықтарының жарты ғасырға таяу төккен қанының бодауы еді. Осы оқиға туралы Шарғын ақын өзінің “Бәрі бізде” атты өлеңінде:

*Еңбектің оза шапқан ері бізде,
Байлықтың баға жетпес кені бізде.
Аңсаған арманына жетті халқым,
Өмірдің өрге өрлеген төрі бізде.
Елімнің болашағы бұдан да зор,
Орналып жатыр жұмақ жерімізде,*

— деп жырлады.

Басшылары жас, өзі сәби мемлекетті Сталин мен Мао жөрегінде тұншықтырған 1949 жылдан кейін де ондағы жұрт қызыл Қытайдың тәтті уағыздарына сеніп, ҚХР құрылғандығын құттықтап, азаттықтың, демократияның жойылмайтындығына имандай иланды. Осындай сенімдегі ақын-жазушылар ҚХР-н бар тілімен жырға қосты. Әрине, олардың алдыңғы қатарында Шарғын ақын да бар еді.

*Жаңалықтың жолында қажымайсың, армайсың.
Партия жолы сара жол, ұғып алғын әрқайсың.
Күншіл болсаң күңіреніп, ақыр түбі оңбайсың.
Білімді болсаң еліңді, қамқорлық етіп, қорғайсың*

— деді.

1953 жылы Шарғын Әлғазыұлы Үрімжіде өткен әдебиетшілер мен өнер қайраткерлерінің өлкелік тұңғыш жиналысына қатысып, “жаңа әдебиет” жасаушылар мен қалыптастырушылардың қатарына қосылды. Ал 1957 жылы ҚХР Жазушылар одағының Шыңжаң бөлімшесі құрылған кезде оның басқарма мүшелерінің бірі болып сайланды. Осы жылдарда ол Қытай еліне сапарлай барған қазақтың классик жазушысы Ғабит Мүсіреповпен танысып, неше күн бірге жүріп, ой бөлісті. Құрдастықтары сырлас-достыққа айналады...

1957 жылдан бастап қызыл Қытайдың шын кесірі ақырындап ашыла бастады. Сол жылы Пекин “стиль дұрыстау” деген желеумен зиялы қауым өкілдерінің басына қара бұлт үйіре бастаған болса, 1958 жылы “жергілікті ұлтшылдарды жою” деген ұранмен саналы, көзі ашық азаматтарды, әсіресе, ақын-жазушыларды тұтқындай бастады. Бұның арты үлкен апатқа апарып соғарын жақсы білген аңғарлы ақын, 1959 жылы туған жері, ата қонысы Қазақстанға оралды. Бұл ақынның өлең әлемінде өзіндік үні, беті қалыптасқан, жалынды да шалымды, кемел кезеңі болатын. Мұнда келген соң да туған жеріне деген сағынышы мен жүрекжарды ойларын жыр арқауы етті. Туған жерінің сұлу келбетін, сағынып жеткен атамекен топырағын ынты-шынтымен жырлады.

Ақын туған жеріне жүрегі жарыла еміренгенімен, бұл кезде атамекені оған салқын қарады, тіпті күдікпен қарады. Өйткені ол кезде Қытайдан оралғандарға кеңестік жүйе “саптаяқпен ас беріп, сабына қарауыл қойып”, “сақтықпен” қарайтын. Сондай күдік-күмәннің кесірінен ауылда “тұрақты тұрып қалған” ақын жоғары-төмен шапқылаған жоқ. Сырлас досы, ұлы жазушы Ғабенді (Мүсірепов) де іздеген жоқ. Тек ауылда мал бақты, тыныш өмір сүрді.

О, дәурен, жарқылдаған ақ алмасым,

Әлі де кәрілікке көне алмаспын.

Аз-тола жазып кеткен дүнием бар,

Із-түзсіз мен де бекер жоғалмаспын,

— деген сенімі бойынша өмірлік серігі қаламын қолынан бір сәт тастаған емес...

Осылайша, кезінде өнерімен, ерлігімен, табан ақы, маңдай терімен Шығыс Түркістандағы қандастарының әдебиет көшін бір белге

шығарысып, онда қан кеше жүріп тәуелсіз республика құрысқан, қоғамдық-әлеуметтік, әдеби-көркем ой сананың өсуіне елеулі үлес қосқан талантты ақын, белгілі ағартушы, күрескер Шарғын Әлғазыұлы 1988 жылы Алматы облысының Райымбек ауданындағы Қожбамбет ауылында бұл дүниеден елеусіз ғана өте шықты. Иә, ол кезде басқаша болуы мүмкін де емес еді.

Саналы өмірін ұлтының азаттығына, қазақтың өлең өңіріне арнап кеткен ақынның артында мол мұра қалды. Жазбаларының біразы Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының қолжазба қорында сақтаулы.

Тоқырау заманының өзінде тоқырамаған, елі мен жерінің оң-солын, ақ-қарасын асқақ ақындық әсермен суреттеген Шарғын ақын жалпы атамекен жыршысы ретінде көңілге сыр құяды. Халықтық сарынмен өзектесіп жататын өрелі өлеңдер санаға сары майдай сіңеді. Ақын сөзі өшпек емес. Есті, ойлы рухты жырлар халқымызбен бірге жасай бермек. Себебі қазақ тарихында құпия сақталып немесе бұрмаланып келген зорлықпен коллективтендіру, ашаршылық, елдің жаппай үркіншілікке ұшырауы, қызылтабан босқыншылық, Шығыс Түркістан ұлт-азаттық күрестерінің барысы, ондағы азаттық алған жылдар, қызыл қытай саясаттары, туған жерге қайта оралған елдің жан-сезімі, бәрі-бәрі де ақын өлеңдерінің өзегі. Демек, Шарғын Әлғазыұлының шығармашылығы XX ғасырдағы шетелдік қазақ диаспорасы өмірінің өнердегі айнасы, қилы тарихымыздың көркем сипаттамасы. Сондықтан да Шарғын ақынның мұраларын зерттеу, оны жинап бастыру қазақ әдебиетінің алтын қорын одан сайын байыта түсетін игілікті іс болар еді демекпіз.

Жанболат ӘЛИХАНҰЛЫ (Аупбаев)
“Егемен Қазақстан” газетінің бас редакторы.
Дүкен МӘСІМХАНҰЛЫ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің кафедра меңгерушісі,
филология ғылымының кандидаты, доцент.

Жаратқанға жалбарыну

Тәңірім, жоқтан бар ғып жер жараттың
Үстіне жер бетінің ел жараттың
Өлемде бәрін бірдей тең жаратпай
Қалайша біз қазақты кем жараттың?

Артық кем болмас депсің жазуымнан,
Естідік молдалардың ауызынан.
Біздің ел көрмегенді көрді талай,
Күші үстем жер бетінің жауызынан

Біздерді жаратыпсың қазақ қылып,
Қорлады қазақ елін мазақ қылып.
Ойға барсақ шығады ойранымыз,
Қырға барсақ қылыштар азап қылып.

Қазақты жараттың ба малға ғана,
Малды да ол еркімен малдана ма?
Зор тәңірім, көзіңді салсаң нетті,
Қорлық көріп басқадан зарлағанға.

Жаратып бізді тәңірім пендем дедің
Бұл қазақ көрді талай көрмегенін.
Біз қазақ сенің өгей балаң ба едік,
Басқаларға нығмет һәм ықсан бердің?

Жаратқан бір өзіңе сыйынамыз
Мақұрым қалып тұрмыз сыйыңнан біз,
Бізді де ел қатарлы жеткіз, тәңірім
Шырылдап біз де анадан туылғанбыз

Тәңірім саған ғана сенген елміз,
Көп көріп күңірендік сергелдең біз.
Өзіңе жалбарына жалынамыз,
Қуат бер, қалмау үшін өзге елден біз.

Қазақтың жалбарындық тіліменен,
Өзіндік сарынындық бар үніменен.
О тәңір, өзің иіп жебемесең,
Қалайша күн кешеміз мұныменен?..

Жолдастарыма

Ми керек өлеңді де жазу үшін,
Бастау сен, басқалардан қадірлісің.
Ноқат боп көктен түйғын көрінгендей,
Жаратқан самғап қанат қағу үшін.
Қарасаң кейбіреуге далбаңдап жүр,
Өзінен жоғарғыға жағу үшін.
Саналы азаматтар талпынады
Өмірден өз үлесін алу үшін.
Аты арып, ақ пейілдің тәні тозбас,
Соған кеп Бақ пен Қызыр даруы шын.

Абай

Ғибрат алып Абайдан,
Менде сөзді жалғадым.
Қолым жетпей ғылымға
Менің де көп арманым.

Жас ұрпағым ғылымнан,
Сендер кейін қалмағын.
Құлшынбаған талаппен,
Менше тістер бармағын.

Көзін ашқан көп ойдың,
Ұғын сөзін Абайдың.
Мағынасына ой бөліп,
Қайта-қайта қараймын.



Ақ ниет

Ақ ниетті көргенде,
Мен де жарылам ағымнан.
Күңкілдеген күншілдер,
Аулақ жүргін жанымнан.

Күйсіз күлік жүгірмес,
Ауып кетсе бабынан.
Сусындаған жан едім,
Поэзия бағынан.

Үлкенді сыйлау деген сөз -
Жаратқанға бағынған.
Қарыс жерге желе алмас,
Ауса жүйрік бабынан.

Ағалар сөзін тыңдасаң
Арыз ғой айтқан Шарғыннан.
Білсем де, білмес болғандай,
Басына шапан жамылған.

Құдайдан тілеп жатырмын,
Емеспін жатқа жағынған.
Қадір білмес надандар,
Жоғы жақсы барынан.

Басынан бақа қарғыса,
Құлан да жеріп қағынан.
Тарлан да тұр байлаулы,
Бөйгеге қанша шабылған.

Тұйғын ұшпай тұғырдан,
Тау жолынан жаңылған.
Сайрамай қалды бұлбұл да,
Қозғала алмай бағынан.

Тобықтай сөзде түйін бар,
Білгендерің түйіп ал.
Білместерге шара жоқ,
Бәрінің де миы бар.

Алып кетті-ау

Текестен Өжі менен Халық кетті,
Қосақтап екі жасты алып кетті.
Жайнаған Ахметжандай қайран жастың
Бір түнде ішек-қарнын жарып кетті.

Бермесе түп қайырын, кім біледі,
Балаға ата-ананы зар ғып кетті.
Үйінде азаматтар жата алмастан,
Өр жерге жан сауғалап, қаңғып кетті.

Түріне бұл жалғанның қара жұртым,
Ессіз ғып елдің көңілін дал ғып кетті.
Ағарып бір-ақ жылда сақал-шашы,
Жігітті отыз жаста шал ғып кетті.
Күйікпен ата-ананы тұралатып,
Тұра алмас төсегінен сал ғып кетті.

1941 ж.

Таңжарыққа

Іленің келдің бе аман Таңжарығы,
Жететін аспан-көкке заңғар үні.
Айдалып Үрімжіге кеткеніңде,
Шайнадым аузыма сап бармағымды.

Күн күліп, жер құлпырып, ел жайнады,
Қарашы, шолып досым жан-жағыңды.
Талқының кезеңіне шыққаныңда,
Төгіпсің ел мен жерге арманыңды.

Туысың, ел мен жерің, бала-шағаң,
Бәтидей көрдің бе аман жан жарыңды?
Жеті жыл жаттың жауыз зынданыңда,
Шаян мен шақты сені жыланы да.
Азаптың жан қинаған көрдің бөрің,
Ілініп жауыз, қанқор тырнағына

1946 ж. Текес

Ғабийт Мүсірепов
Шыңжаңға келгенде

Шаттанып жылы жүрек шалқығаны,
Қырандай қанат қағып талпынады.
Келгенде өмір бақша бұлбұлдары,
Иісі әтір гүлдің аңқығаны.

Базардан келген аға інісіндей,
Мәз болып маңдайымыз жарқырады.
Ұлы елдің үлгісінен өнеге алып,
Өркімнің ой-қиялы шарқ ұрады.

О, достар, қадамдарың құтты болсын,
Әлемнің Совет елі шам-шырағы.
Өткен жай өздеріңе бәрі мәлім,
Игі ісі күннен күнге артылады.

Құтылып мұнда қалың түн тұманның,
Тұнығын балбұлақтың аршып алды.
Қараңғы, қараң өмір қайта оралмас,
Көп болды көңіл кірі аршылғалы

Құшайын, кел, мейірім қанғанынша,
Қарағым, керегіңді, алшы тағы.
Көкейден сендер үшін жыр төгілді,
Тұнық сөз жаңбыр құсап тамшылады.
Ұлы елдің өрендері сендерге арнап
Өлеңін Шарғын деген шал шығарды.

1957 ж.



Білмегендік

Білгенімнен көп екен білмегендік,
Өмір оған жалғанған ілмеленіп.
Білместердің бетіне басатұғын,
Отыр міне тіл шіркін күрмеленіп.

Жолдас болған өмірлік кейбіреулер,
Кете берді айырылып, бірге келіп.
Жағасынан жалғанның алар едім,
Бір сөйлесе қайырылып, тілге келіп.

Шыр айналған шөлмектей жалған дүние,
Өте шықпас зымырап кімге келіп.
Тіршілікте адамдар не көрмейді,
Баршылық пен жоқшылық жүлгеленіп.
Алуан түрлі тұрмыстың дәмін татып
Сексен жасқа аяңдап біз де келдік.

1983 ж.

Адамшылық

Айтқан сөзің наданның
Құлағына қона ма?
Тұрымтайдай қайырсаң,
Тұйғын құстай бола ма?

Сынсыз мінің түзелмес,
Шапшып босқа тулама.
Домбыраның құлағын
Күй білмесең, бұрама.

Бақы болмай бұл жалған,
Сенен өтпей тұра ма?
Бабын білмей жүйрікті
Бекер-босқа бұлама.

Опасыздың шеніне
Жәрдем сұрап жолама.
Талатады апарып,
Маса менен сонаға.

Қара көмей қарыны
Бере берсең тола ма?
Өзің барып тимесең
Арыстан кеп соға ма?

Итті де абай көресің
Бағады деп қарауға.
Жолдасына қас қылған
Ақыр-түбі оңа ма?
Алтынға тең келе ме,
Жылтырақ мыс, қола да?

Атамекен

Нарынқол мен Байынғол,
Гүл жайнаған Қақпағым.
Көңірсіп жатқан көк белім,
Қара орманды қапталың.

Шолып біраз өтейін,
Жер-суымның аттарын.
Алатауға ұштасқан
Шоқтығы биік жақпарың.

Жаратылыс шебер ғой,
Орнатқан мөуе бақтарын.
Осы жерді мекендеп,
Өткен абзал қарттарың.

Өзіндей ғой арулар
Жібек пенен Мақпалдың.
Байынғол басы базарлы,
Аңға толы шатқалың.

Ақтылы қой ап жатыр,
Жағалай өзен алқабын.
Қарағай, қайың, тал-терек,
Өткізбес күннің аптабын.

Ардақтаймын шопанды,
Отарлап қой баққанын.
Ыққан емес аяздан,
Суығынан ақпанның.

Өз сыбағаң емес пе,
Еңбегіңмен тапқаның.
Аяландар, күтіңдер,
Көпшіліктің ақ малын.

Жүлдесін алып жүрсіндер,
Алды болып шапқанның.
Халқыңның ұлы үміті,
Көңіліңе берік сақтағын.

Жаңа жолға қоспандар,
Ескіліктің шатпағын.
Еңбек етіп ел үшін,
Алға адымдап аттағын.

Жайсаң талап ұл мен қыз,
Ана сүтін ақтағын.
Егіншілер ес жиып,
Жер құнарын баптағын.

Жалындаған жас ұлан,
Еңбек етер шақтарың.
Күш-қайраттың арқасы
Мәз-мейрам боп жатқаның.

Сол күніңнің жемісі
Бал мен шырын татқаның.
Телегей теңіз кең Текес,
Бауырына алған батпағын.

Мекендеген мерейлі ел,
Айғыржалдың жақтауын.
Қондырып тау іргемнен,
Іздеп пе едің Қап тауын?

Қайнардың елі қажырлы,
Алған жұрттың мақтауын.
Ақтылы қой мыңғыртып,
Қазынасын ақтардың.

Жаб^ырың жатыр құнарлы,
Беліндей болып тартпағын.
Қалқайып тұр Лабасы,
Аузындай боп Қақпаның.
Күңгейі күміс күлімдеп,
Саржазға тіреп арт жағын.

Мүлгі ой

Қараймын сағатыма қайта-қайта,
Бар екен өлі мезгіл таң атуға.
Ой-қиял алып ұшып жетелейді,
Қаратпай сабыр еткен тағатыма.

Кетемін ойымменен дүние шарлап,
Мінгендей самұрық құс қанатына.
Өсіп ем кір келтірмей өміріме,
Мейірімді ата-ана мен аға атына.

Кәрілік кеп, ауыру қабаттасты,
Көрпенің тығыламын қабатына.
Үйімнен ұзап алыс шыға алмаймын,
Шама жоқ үйрек пенен қаз атуға.

Нақылы бұрынғының бекер емес,
Сақтаушы, жаратушы бағатын да.
Тартқан соң жасың егде жасқанасың,
Қарайсың арың сақтап алды-артыңа.

Ешбір жан өлмеймін деп айта алмайды,
Құдайдың екі емес қой мандаты да.
Отырып үйде түнде жазғанымды,
Ортаға салдым елге талғатуға.
Жетпеген ой-өрісім жері болса,
Ойшылдар көмектесер жалғасуға.

1981 ж.

Бір сөз

Бір сөздің бір сөз келіп жүйесіне,
Кетесің жүйрік ойға мінесің де.
Алпыста алаңдаған ақ көңілім,
Отына ой жалынның күйесің бе?

Көшесің бақи жайға уақыт бітсе,
Керуеннің мінгескендей түйесіне.
Асыл тас, таза жүрек қазынаңды,
Бір күні тапсырасың иесіне.

Алтынның қолда барда қадірі жоқ,
Қарттардың жолықпаңдар киесіне.
Бақ қонса иығыңа азаматтар,
Басқаның қол салмаңдар сүбесіне.

Қолына надандардың ісің түссе,
Қарамас тәйкесі мен бүтесіне.
Өзіңе үлгі нұсқа өз өмірің,
Беретін шығар Алла бір несібе.
Мен қанша, балаларым, бір жүремін,
Алпыстың шығып тұрмын мінбесіне.

1963 ж.



Азайып бара жатыр

Азайып бара жатыр аға саны.
Жалғаннан бітіргендей аласаны.
Мейлі үлкен, мейлі кіші болса-дағы,
Өмірге жан-жануар таласады.

Тілдесіп жаратқанмен келген жан жоқ,
Білгенсіп білмесе де бал ашады.
Сөзінің судыраған татымы жоқ,
Біреуге босқа неге жармасады.

Сыйласып дүниеден өтпеген соң,
Өмірдің қызықшылық бар ма сәні?
Білмеске білген адам ақыл айтса,
Кейбіреу жең ұшынан жалғасады.

Көзі жетсе көзіне көрнеу айтсын,
Құр айтқан жөн болмайды далбасаны.
Түлкідей неше алуан із тастамай,
Арыстан жортқан жерін дәл басады.

Өткен өмір адамға сабақ деген,
Азамат неге жолдан адасады?
Ойпырай, не боп кеткен біздің ауыл,
Жыланша бір-бірімен арбасады.

Сенен мен артықпын деп бой көтеріп,
Не жетпей өз-өзінен таласады.
Алатаумен теңмін деп шоқтықтанып,
Бойына теңгермейді аласаны.

Көз салып оған неге қарамайсың,
Біреулер алып жатса аласанды?
Жалынып күн көргенше телмең қағып,
Жұмсағын адамдыққа барша миды.
Суыр да інге кіріп жан бағады.
Асыл тұқым ақ сұңқар аспанда жүр,
Қарқылдаған көп-ақ қой қарға саны.

1977 ж.

Шал сөзі

Алпысқа әлі толық алдырмаймын,
Желе өтіп жетпіске де шалдырмаймын.
Ойы сергек адамның бойы сергек,
Секіріп сексеннен де адымдаймын.

Тонқайтып тоқсаныңды жолға тастап,
Белімді жүз жасқа да талдырмаймын.
Уайымшыл, ұйқышыл қарт емеспін,
Зарығып ешнәрсеге тартынбаймын.

Көрмегім бүгінгіден ертең жақсы,
Қолда деп еш адамға жалынбаймын.
Өз ақылым өзімді жетелейді,
Біреуге жаным үшін табынбаймын.

Күн сөнбес, құдіретті сенімім бар,
Нұсқауын жүрегімнің қабылдаймын.
Жері бай қазыналы батыр елміз,
Осылай ұғынғайсың шалдың жайын.

1985 ж.



Ой

Егіз екен адамға, жамандық пен жақсылық.
Біреуге мін тағады, өз міндерін жасырып.
Дұшпан шіркін жүреді, аққа қара жапсырып.
Қамсұт емген адамбыз, жүрген біз жоқ ақсынып.

Күншілдердің әдеті, сөз айтады тапсынып.
Дүниенің қаттысы, қолында жоқ тапшылық.
Біреуге ол күледі, жатса арты ашылып.
Жараспайды адамға, төкапарлық, асылық.

Ие бол деп әлемге, қойғандай-ақ тапсырып.
Жағымпаздар жүреді, күштілерге бас ұрып.
Естігенін айтуға, тура шабар асығып.
Мақтаған боп тұлпар дер, қойған оны қашыр ғып.

Ит боп үрер біреуді, төңірегін лас қылып.
Ақ пейілді адамды, қатырады тас қылып.
Неге үйренген адамдар, бір-біріне қас қылып.
Одандағы асаудай, бастықса ғой бас ұрып.

Қиянатшыл адамды, қойса таспен бастырып.
Кетпес еді-ау бұзықтық, бұзақылық асқынып.
Жамандыққа бармастан, іздеңіздер жақсылық
Таза сақтар арыңды, жақсылық жақсы, жақсылық.

1982 ж.

